



АСТАНА АКШАМЫ

ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВТІ ЕСКЕ АЛДЫ

Был КСРО халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, профессор, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Еркеғали Рахмадиевтің туғанына 85 жыл толды. Осыған орай «Астана Опера» театрында көрнекті композиторды еске алуға арналған «Тұған жер туралы жыр» атты концерт өтті. Онда театрдың жетекші опера солистері, оркестр және камералық хор әртістері классиктің шығармаларын орындады.



Еркеғали Рахмадиев музыка өнерінің біраз жанрларында еңбек етті. Әсіресе, ұлттық опера өнерінің дамуына елеулі үлес қосып, симфониялық күй жанраларында негізін қалады. Осы жанрда «Дайрабай», «Құдаша-думан» туындыларын жазды. Композитордың «Қамар сұлу», «Алпамыс», «Абылайхан» опералары қазақ музыка мәдениетінің асқақ биігіне айналды.

Еске алу кешінде «Таң самалы», «Бала ғашық», «Жетісудың қыздары-ай» туындылары, «Қамар-сұлу» операсынан дуэт, «Алпамыс» операсынан Гүлбаршын ариясы, хор композициялары және өзге де шығармалар шырқалды.

Концертке опера мэтрі Қазақстанның еңбек сінірген әртісі Шахимардан Әбіл, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Азамат Жылтыркөзов, «Астана Операның» жетекші солистері – Қазақстанның еңбек сінірген қайраткерлері Жүпар Габдуллина (сопрано), Медет Шотабаев (тенор), театр солистері – Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Бибігүл Жанұзақ, халықаралық байқаулардың лауреаттары Айзада Капонова, Бейімбет Таңарықов қатысты. Сонымен қатар талантты жас вокалистер – Е.Рахмадиев атындағы халықаралық байқаудың лауреаттары Ұлпан Әубекірова, Алмат Ізбамбетов, Ербол Мұқанов, халықаралық байқаулардың лауреаты Ермек Қасым өнер

көрсетті. Хорға бас хормейстер – Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Ержан Дәуітов жетекшілік етті, фортепиано партиясын халықаралық байқаулардың лауреаты Раушан Бескемпірова орындаады.



«Еркеғали Рахмадиевтің шығармашылық қуаты қазақстандық музыкантардың кейінгі буынына шабыт сыйлас, қанаттандырды. Көрнекті композитор жылдар бойы жинаған білім мен тәжірибесін әріптестері, шәкірттерімен бөлісті. Өз шығармаларын түсіндіріп, жас әншілермен жеке жұмыс істеді. Мәселен, маған және Медет Шотабаев, Азамат Жылтыркөзов сынды әріптестеріме туындыны сахналағанда біраз ақыл-кеңес берді. Сол бәріміз «Қамар-сұлу» операсының сахналануына тікелей қатысқан едік. Еркеғали Рахмадиев жазған туындылар – келер ұрпаққа биік белес, ескірмес өнеге. Оның сазды музыкасы жүрегімізде шырқалатын болады» дейді Жұпар Фабдуллина.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ